

АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ
ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТИ

КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ И
МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА

KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY OF INTERNATIONAL RELATIONS
AND WORLD LANGUAGES

1 (68) 2023

ISSN 2411-8745 (Print)

ISSN 2709-9245 (Online)

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

ХАБАРШЫСЫ

“ФИЛОЛОГИЯ ГЫЛЫМДАРЫ” сериясы

ИЗВЕСТИЯ

КазУМОиМЯ имени Абылай хана
серия “ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ”

BULLETIN

of Ablai Khan KazUIRandWL
Series “PHILOLOGICAL SCIENCES”

Алматы
«Полилингва» баспасы
2023

МАЗМУНЫ. СОДЕРЖАНИЕ. CONTENTS.

1 Бөлім.

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Раздел 1.

АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ

ИССЛЕДОВАНИЙ

Part 1.

CURRENT ISSUES OF LINGUISTIC RESEARCH

Байдилдаева А.К., Ахатова Б.А. Риторические стратегии воздействия в политическом блоге	10-23
Байдилдаева А.К., Ахатова Б.А. Саяси блогтардағы риторикалық әсер ету стратегиялары	10-23
Baidildayeva A.K., Akhatova B.A. Rhetorical Strategies of Influence in Political Blogging	10-23
Байсыдық И.Б., Омарбаева Г.С. Эйел мінезі сипаты атауларының лингвомәдениеттаннымдық негіздері	24-39
Байсыдық И.Б., Омарбаева Г.С. Лингвокультурологические основы названий в описании женского характера	24-39
Baissydyk I.B., Omarbayeva G.S. Linguocultural Basis of Denominations of Female Character Traits	24-39
Бияров Б.Н., Кусманова К.А., Койлыбаева Р.К. Ұлы Жібек жолының солтүстік-шығыс тармағында кездесетін топонимдерге этимологиялық шолу	40-53
Бияров Б.Н., Кусманова К.А., Койлыбаева Р.К. Этимологический обзор топонимов северо-восточного направления Великого шелкового пути	40-53
Biyarov B., Kusmanova K., Koilbayeva R. Etymological Overview of the Toponyms of the North-eastern Directions of the Silk Road.....	40-53
Есенова К.У., Құрманәлиев К.А., Балтабаева Ж.К. Пандемия кезіндегі медиадискурс: сөзжасамдық құрылымдар	53-72
Есенова К.У., Курманалиев К.А., Балтабаева Ж.К. Медиадискурс в период пандемии: структуры словообразования	53-72
Yessenova K.U., Kurmanaliev K.A., Baltabaeva Zh.K. Media Discourse in the Pandemic Period: Word Formation Structures	53-72
Жанжигитов С.Ж., Әбдуәлиұлы Б. Заң құжаттарында талас тудыратын мәтіндер	73-88
Жанжигитов С.Ж., Абдуалиулы Б. Спорные тексты в юридических документах	73-88
Zhanzhigitov S.Zh., Abdualiuly B. Controversial Texts in Legal Documents	73-88

ЭОЖ 81`373.21
ХФТАР 16.21.27
DOI 10.48371/PHILS.2023.54.86.003

**ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ СОЛТУСТІК-ШЫҒЫС
ТАРМАҒЫНДА КЕЗДЕСЕТИН ТОПОНИМДЕРГЕ
ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ ШОЛУ**

*Бияров Б.Н.¹, Кусманова К.А.², Койлыбаева Р.К.³

¹ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен, Қазақстан, e-mail: berdibek_biyar@mail.ru,

²профессор, С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен, Қазақстан, e-mail: kusmanova_2014@mail.ru,

³филология магистрі, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, e-mail: 007_raushan@mail.ru

Андратпа. Ұлы Жібек жолы, әуелде шығыстан батысқа қарай салынғанымен, кейін сауданың дамуына байланысты, жан-жаққа тарамдалған бірнеше бағыттар пайда болды. Соның бір саласы Қоңе Түркі, Қоңе Үйғыр қағанаттary қалыптасқан кезде, солтүстік және солтүстік-шығыс өлкелерге жол тартады. Қытай жібегін артқан түйелі керуендер Өтүкенді басып өтіп, Енисей аңғарларына дейін сапар шеккені анық. Мақаланың мақсаты Ұлы Жібек жолының солтүстік және солтүстік-шығыс бағыттарындағы тарихи топонимдердің кейбіріне этимологиялық талдау жасау болып табылады. Себебі Жібек жолының бойындағы макротопонимдер мен елді мекен аттары (ойконимдер) күні бүгінге дейін тілдік түрғыдан жүйелі түрде қарастырылмаған. Бұл мақаланың өзектілігін айқындайды әрі осы тақырыптағы үлкен ғылыми жобаның бір бөлшегі болып табылады. Қарастырылатын топонимдердің этимологиясын талдау арқылы, ол атаулардың қай тілден жасалғанын, ол жерлерді кімдер мекендерегенін анықтау мақаланың ғылыми маңыздылығын арттырады. Мақаланың мақсатына жету міндеттері бойынша, кіріспе бөлімінде Ұлы Жібек жолының пайда болуы, қалыптасуы, дамуы туралы қысқаша мәлімет келтіріледі. Сонымен бірге, мақалада талданатын топонимдердің хронологиясы, ареалы таныстырылады. Содан соң Жібек жолының солтүстік бағытына тән топонимдер таңдап алынып, этимологиялық талдау жасалады.

Зерттеудің практикалық маңыздылығына Ұлы Жібек жолының солтүстік тармақтарын анықтау арқылы, ол көне сауда жолы қазіргі заманда бар ма, пайдаланып жүрміз бе, қайта жандандаруға бола ма деген сұрақтарға жауап іздеу жатады. Автор тарихи топонимнің мағынасы

туралы бұрын-соңды айтылып келген пікір, тұжырымдарды салыстыра қарап, одан соң өз тұжырымын ұсынады. Зерттеуде тіл біліміне тән салыстырмалы-тариҳи, ареалдық тәсілдер қолданылған. Тариҳи, көне топонимдердің этиологиясын ашудың өзіндік қындығына байланысты, автор өзі ұсынған тұжырымдардың болжамдық сипаты басым екенін ескертіп отырады. Соған қарамастан, этиологиялық талдаулар біршама сәтті жасалғанын анғару қын емес. Мақаладағы зерттеудің нәтижесінде бұрын қарастырылмаған бірнеше тариҳи топонимнің этиологиясы ашылып, оның қай тілден жасалғаны, қандай мағына беретіні ғылыми айналымға енеді. Ұлы Жібек жолының солтүстік тармақтарын қалыптастырған түркі тайпалары туралы құнды жаңалықтар ашылады.

Мақала BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тариҳи топонимијасын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында дайындалды.

Тірек сөздер: Жібек жолы, этиология, топоним, керуен-сарай, ареал, семантика, макротопоним, бағыт.

Негізгі ережелер

Мақаланың өзектілігі Ұлы Жібек жолының солтүстік-шығыс тармақтарында кездесетін тариҳи топонимдердің алғаш рет анықталып, жинақталып, этиологиялық талдау жасалуында жатыр. Солтүстік-шығыс керуен жолдары, негізінен, Көне Түркі қағанатының аумағынан өтетіндіктен, бұл жерде көне түркілік топонимдердің этиологиясы талданатыны түсінікті. Ал Көне Түркі ескерткіштерінде кездесетін тариҳи топонимдер де (жалпы ономастикасы да) арнайы зерттелмеген.

Көне түркі ескерткіштері тілтану, мәтінтану, әдеби жанрлық, тариҳи жағынан зерттеліп келеді, зерттеліп те жүр. Бір кемшін тұсы көне жәдігерлердің ономастикасын қарастыруда жатыр. Көптеген түркітанушы ғалымдар тас мәтіндерді зерттеу барысында ономастиканы айналып өтеді. Ондағы жалқы есімдердің мағынасын ашуға бара бермейді. Ең алдымен, көне түркі ескерткіштеріндегі жалқы есімдердің тұра санын анықтау біршама қындық тудырады. Оның басты себебі - мәтіннің аудармасында. Бір аудармашы жалқы есім ретінде ұсынған атау, екінші аудармашыда ономастикалық бірлік ретінде танылмауы мүмкін. Ал аударманың қындығы көне түркі жазуын окудағы қындықтардан туындаитыны айтпаса да түсінікті. Атаудың аудармасы әртүрлі болғандықтан, оның этиологиясын ашуда қындықтар туындаиды. Мақаланың мақсаты осы олқы тұсты толықтыру, яғни Ұлы Жібек жолын қолдарына ұстап тұрган көне түркілерден қалған ескерткіштердің

ономастикалық кеңістігін зерттеу болып табылады. Оның ішінде даулы пікірлері көп болып келетін топонимдердің этимологисына тілдік шолу жасалады

Кіріспе

Ұлы Жібек жолы б.э.б. II ғасырдан бастап Шығыс Азиядан Жерорта теңізіне дейін салынған көне керуен жолы екені бәрімізге белгілі. Көне Қытайдың Сиан-Ланъчжоу-Дунъхуан қалаларынан бастау алатын керуен жолы, негізінен, қытай жібекін саудалау мақсатында пайда болды. «Ұлы Жібек жолы» терминін алғаш енгізген (1877 ж) неміс географ-ғалымы Ф.фон Рихтгофен жолдың осы ерекшелігін ескерген.

Алғашқы кезеңінде, Жібек жолы Такла-Макан шөл даласын айналып өтуге байланысты екі бағытта соқпақ салды: оңтүстік жол Гаочан – Тянь-Шаньың күнгей жағы – Қарашар – Куча – Ақсу – Ыстық көл – Шу – Талас – Исфара бағытымен жүрсе, солтүстік жол Гаочан – Жонғарияның күнгейі – Үрімші – Манас – Құркіреусу – Еренқабырға – Іле – Орта Азияға қарай бет алған.

Жібек жолының кезекті бір даму кезеңі Бірінші Түркі қaganатының пайда болуынан басталады. Көне түріктер 570-ші жылдардан бастап, Жібек жолын бақылауға алып, саудагер соғыларға емін-еркін сауда жасауға жағдай жасайды [1, 53б.]. Сол кезде Жібек жолы Түркі даласына да тарамдалып, Өтүкен, Енісей, Орталық Қазақстан, Еділ бойына дейін керуендер жол тартады.

Тарихшы, географ ғалымдардың зерттеулері бойынша, әрине, сауда жолдары Жібек жолынан бұрын да болған. Сак, ғұн қорымдарынан табылып жатқан қытай жібекі мен ақшаларының белгілері түйелі керуендердің Евразия далаларын ежелден шиырлап келгенін дәлелдейді.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Зерттеу жүргізу барысында салыстырмалы-тарихи, ретроспективті, ареалдық, статикалық, этиологиялық зерттеу әдістері қолданылды. Авторлар бір топонимнің этимологиясы туралы бұрын айтылған пікірлерді келтіріп, салыстыра қарап, содан кейін ғана өз болжамдарын ұсынды. Берілген топонимдердің этимологиясын осыған дейін ұсынған Ә. Қайдар, Қ. Сартқожаұлы, В. Махпиров, Т. Қайыркен, т.б. ғалымдардың енбектері, сонымен қатар «Древнетюркский словарь», М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» сынды көлемді зерттеулер негізге алына отырып, әр топонимнің шығу тегіне байланысты авторлардың өз тұжырымдары ұсынылды. Өзіне дейінгі жазылған тұжырымдарды теріске шығармай, өздігінше жаңа көзқарас білдірді немесе сол айтылған тұжырымдардың бірін қолдады. Топонимнің мағынасын анықтауда,

авторлар, тарихи, географиялық жағдайларды ескеріп, солармен атаудың шығу себептерін (этиологиясын) байланыстыра қарастырды. Жалқы есімдер, оның ішінде топоним, ғылыми талапқа сай тілдік, тарихи және географиялық аспектілерде қаралды.

Талқылау

Біздің зерттеуіміздің негізгі мақсаты – Ұлы Жібек жолының солтүстік және солтүстік-шығыс тармақтарында кездесетін топонимдердің этимологиясын ашу. Осы мақсатқа сәйкес аймақ топонимдерін зерттеуде мынадай міндеттер қойылды: - керуен жолдарында белгіленген жер-су аттарын түгел жинақтап, жүйелеу; - топонимикадағы семантикалық анализ ұғымдарын қалыптастыру; - атаулардың номинациялық типтерін және уәждену (мотивация) ерекшеліктерін теориялық түрғыдан қарастиру; - субстратты топонимдер этимологиясына талдау жасау.

Тарихи топонимдердің қай тілден жасалғанын дәлелдеп, мағынасын анықтаумен қатар, Ұлы Жібек жолында қандай бекеттік, аялдамалық, керуен сарайлық қызмет атқарғанына да көз жеткізу көзделеді. Көне Түркі қағанаты Жібек жолдарының қауіпсіздігіне жауап беріп, қолдарына ұстағаны тарихтан белгілі, сондықтан мақалаға алынған әрбір тарихи топонимнің Ұлы Жібек жолына қатысы бар.

Мақала арқауы BR10965370 «Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясын ғылымдар тоғысында зерделеу» атты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен мақсатты бағдарламалық жоба аясында жинақталған материалдар бойынша дайындалды.

Нәтижелер

Айбас атавы [2] ай + бас сөздерінен біріккен және мұндағы ай көне түркі. айбаң «таз» [3, 147 б.], айтақыр «татыр, шөпсіз, тақыр» [4, 13 б.] сөздерінің түбіріндегі ай «таз, тақыр» болса керек. Сонда, Айбас «басы таз, тақыр» тау мағыналы ороним болып шығады.

Алтын ұшы [5] атавындағы Алтын «Алтай тауының ежелгі аты» болса, Ұшы «таудың ең биік шыны» дегенді білдіреді. Бұл орайда, Алтай тауының ең биік нүктесі Мұзтауды (4506 м) атап тұруы әбден мүмкін.

Аны өзенін, мәтінде Анұ суы, көптеген зерттеушілер Енисей өзені деп есептейді [6, 89 б.]. Біздің оймызыша, Енисей (Ұлұғ Кем) өзенін құрайтын екі сала Би Кем мен Ка Кем өзендері қосылған жерден бастап, Аны суы деп аталса керек. Оны қырғыздардан бұрын мекен еткен эвенкілер Йонэ си/Йэнэ си «үлкен су» деп атаған [7, 238 б.] өйткені кейін келген түркі тайпалары (аз, шік, қырғыз) дәл осы жерден бастап Ұлұғ Кем «ұлы (ұлкен) өзен» деп калькалап атады. Ал атава эвенк. Йэнэ

си түрінен түрік. Аны сұзы «ұлкен су» деп фонетикалық өзгеріске тусты. Осы Аны сұзы гидронимі Анасу/Енесу/Енисей болып өзгеруі де мүмкін. Тонықек бастаған қол осы Аны сұнының ағысымен барып, Батыс Саян тауын асып, қыргыздарды қапыда басқан.

Арқар басы [2] оронимі көне түркі. арқар «тауға бейім мал түрі» [8, 54 б.] сөзі мен басы сөзінің тіркесінен жасалған. «Арқар тауының басы» деген мағына береді. Қазақ. Арқарлы, монғол. Аргалинты оронимдері жіңі кездеседі.

Байбалақ [2] – Ұйғыр қағанаты кезіндегі Селенгі өзені бойына салынған қала. Көне түркі. бай және балық «қала» сөздерінен бірігу арқылы жасалған ойконим [8, 79-80 б.]. «Бай қала» мағынасын береді.

Бөкегүк [2] топонимі көне түркі. бөг/бөк(е) [3, 35 б.] + гүк/ғүк (зат есім жасайтын жүрнақ: қаз «қазу»/қаз+ғүк «қазық») [8, 654 б.] тұлғалары арқылы жасалып, «бөген (көзі бітелген секілді)» мағынасын береді: Бөг(е)гүк/Бөк(е)гүк.

Бұрғұ [2] / *Бұрғу* [5] топонимі көне түркі. бұр етістігі + ғұ (зат есім жасайтын жүрнақ) арқылы жасалып, «бұрылыс» деген мағына береді.

Ер Қамыш [2] / Ерқамыс [5] атауы көне түркі. ер [8, 175 б.] + қамыш [8, 415 б.] сөздерінің тіркесінен жасалған және «ер (биік, ірі) қамыс» деген мағына береді: «ер шөп» фитонимі сияқты. «ежелі сөздігімізде» Ер Қамыш деген жер Ертіс өзенінің жағасында делінеді [8, 175 б].

Йар өзені [2] / Жар өзенінің [5] атауы көне түркі. йар «жар, жарқабақ» [8, 238 б.] сөзінен шығады да, «жағалауы тік жарлы өзендерді» атайды.

Йарыш Ағұлық арасы Йатұқ [2] / Ярыш пен Ағұлығ арасындағы Жетібас (Жетісу өзені) [5]. Аудармалар тағы да сәйкеспеді, алайда бір нәрсе анық: мұнда Йарыш пен Ағұ арасындағы жерді (әлде өлкені) айтып отыр. Ол жерді бірінші аударма Йатұқ деп атаса, екінші аударма Жетібас (Жетісу) деген. Бірінші нұсқа бойынша Йатұқ көне түркі. йатұқ [3, 24 б.] сөзінен шығып, «иен» мағынасын береді. Сонда «бос жер» деген ұғым тудады. Ал екінші нұсқа бойынша, «Жетібас (Жетісу) өңірі арасындағы Йарыш пен Ағұ» мағынасын береді. Ал Йарыш «жарыс» пен Ағұ «тұзды жер» топонимдері ономаст және түркітанушы зерттеушілерге бұрыннан таныс.

Йоғра [2] / Жоғарғы Жарыс (С. Қаржаубай) топонимінің бірінші сыңары Йоғра көне түркі. йорыға «жорға (ат)» [3, 238 б.] сөзінен метатеза (дыбыстардың өзара орын ауыстыруы: қапқан/қақпан) құбылысы арқылы жасалған: йорыға/йоғыра. Йорыға Йарыш «жорға жылқылардың жарысы болатын аумақ» деген ұғыммен жасалған.

Йұлун [2] / Жылан қол [5] топонимі екі аудармашыда екі түрлі шығып тұр, алайда жер-су аттарына жақын келетіні Йылан қол атауы. Йылан көне түркі. йылан «жылан» [8, 266 б.] сөзінен жасалып, «жыланды

жер» деген мағынаның бірін береді. Ал қол монгол. гол «өзен» [9,132 б.] сөзі екені белгілі. Сонда Йылан қол «жыланды өзен немесе жыланша ирлендеп агатын өзен» мәндерінің бірін береді.

Кейре гидронимі көне түркі. кевре «кему» сөзінен жасалады: кевреді «кеміді». Түркі тілдерінде й-в дыбыс алмасуы бар: кейіргенчік-кевіргенчік [8, 304 б.]. Сонда Кевре/Кейре «құрғақшылық» мағынасын береді деуге келеді.

Көгер [2] / *Көгүр* [5] топонимі қазіргі тіліміз бойынша, көк «көк тұс» + ер (келер шақ есімше жұрнағы) арқылы жасалып, «көк тұске айналу, көк шөп басу» [10, 91 б.] мағынасын береді. Көбінесе, ерте көктейтін құншуақты жерлерді атайды: Алтай. Көкты, Көгөш қырғыз. Көкту «көгал» [7, 283 б.].

Көгімен жыныс, дұрысы *Көгмен* йыш [8,312 б]. *Көгмен* көне түркі. көг/көк + мен (сын есім жасайтын жұрнақ) арқылы жасалып, «көгілдір (тау)» мағынасын береді: Қара-ман «қара тұсті» сияқты. Мұндағы йыш көне түркі [8, 268 б.]. мағынасын береді. Қазіргі ұғымда «таулы қарағайлы орман, тайга» [7, 237 б.] мәнінде қолданылады. Түркітанушы С.Қаржаубай және басқалар қазақ. жыныс «қалың орман» түрінде аударған. Біздің ойымызша, йыш термині үнемі тау аттарымен (оронимдермен) тіркеседі: Алтын йыш, Өтүкен йыш, *Көгмен* йыш, Сұңға йыш т.б. Ендеше, йыш кейбір аудармаларда кездесетін «тау қойнауы» мәніне сәйкес келетін сияқты [11,171 б.]. Сонда, «ежелгі сөздікте» берілген анықтама дұрысқа шығады. Тау қойнауларының, көбінесе, орманды болып келетіні де рас. Түркітанушы-ғалым Л.В.Дмитриева йыш/жыс сөзінің Шығыс Сібірде ғана жи қолданылғанына қарап, түркі емес көрші тайпалардан енген геотермин болуы мүмкін екенін айтады [12,142 б.].

Көміртая [2] / *Көмүр тағ* [5] оронимі көне түркі. көмүр «тас көмір, отын» сөзінен жасалған. Таудың негізгі ерекшелігі, яғни онда тас көмір кенинің болуы, атауға уәж болған.

Қазлуқ көл [2] гидронимі көне түркі. қаз «қаз құсы» + лұқ/лық (-лы/-лі туынды сын есім жұрнағының көне түрі: алмалық) арқылы жасалған туынды атаяу, «қазды, қазы мол көл» деген мағынада тұр [8,657 б.].

Қара Бұлақ [2] гидронимі көне түркі. қара және бұлақ сөздерінен бірігіп жасалған. Карабұлақ «қыста қатпай аққан артизан» деген мағына береді. Өте жиі кездесетін Қарасу гидронимімен мәндес. Жер асты сулары мөлдір болып келетіндіктен, өзен, судың астындағы тастары қарайып көрініп жатады да, «қара» сын есімін иеленеді.

Қара Йотлық [2] / *Қара жоталық* [5] өзен атауының мағынасын профессор С.Қаржаубай анықтап өткен. Оған қосарымыз, йотлық/жоталық сөзі қазіргі тілімізде Қара Жоталы «қара тасты жotasы көп

(өзен)» болады, өйткені -лық/-лік туынды сын есім -лы/-лі-нің көне нұсқасы болып табылады [13,114 б.].

Орхон өзені, мәтін бойынша Орқұн, қазіргі Монголия жерінде ағады. Зерттеушілердің көбі ор+хүн «кіретін (қосылатын)» деген мағына береді дейді Олар Орхон өзенінің Селеңгі өзеніне қосылуын атауга уәж етіп алады. Біздің ойымызша, Орқұн гидронимінің түбірінде көне түркі. ор «ору, казу, жыру» сөзі жатыр [7, 415 б.]. Ор + ғұн/тын/құн/қын (зат есім жасайтын жұрнақ: қаш+қын, тұт+қын) [8, 653 б.] арқылы жасалып, «бұлақ бузар өзен» мағынасын береді. Салыстырыңыз: Түркімен. орун «өзен арнасы», чуваш. вар «өзен» [7, 415-416 бб.]. Қазақ. Ор «өзен аты». Түркілердің атамекені Отүкен болса, ана өзені осы Орқұн өзені болғаны тарихтан белгілі. Сондықтан болар, көптеген зерттеушілер Отүкен/Етүкен «қасиетті жер, киелі орын» мағынасын береді деген тоқтамға келеді [14, 257 б.].

Отүкен топонимінің этимологиясы туралы айтылған көптеген пікірлердің жоққа шығармай, өз анықтамамызды ұсына кетейік, себебі этимология көбінесе болжамға сүйенеді, ал болжам неғұрлым көп болса, шындыққа соғұрлым жақындай түсеміз. Отүкен көне түркі. от «шөп, көк» [8, 373 б.] + ы (тәуелдік жалғауының 3-жағының жалғауы) сөзі мен кен/кең «кең, мол, дарқан» [8, 298 б.] сөздерінен біріккен атау, мағынасы «оты (шөбі) мол (шұрайлы)» дегенге келеді.

Түркілердің атамекені болған Отүкен/Отүкен тауы Хангай тауының бір сілемінің аты емес, бүкіл таудың түрікше аты болған, ал монголдар кейін келіп, осы атауды өз тілдеріне аударып алған. Монгол. Хангай «орманды тау жотасы» мағынасында қолданылғанмен, оның түбірінде хана-х «қану, тою, сусындау» сөзі жатыр [9, 565-566 бб.] Ал Хангай «қану, тою, сусындау» мағынасы Отыкен «оты (шөбі), сұы мол, дарқан» мағынасынан алыс кетіп жатқан жоқ. «Мал тойынатындағы отты жер» деген бір ұғымға саяды.

Сұқақ [2] / Шоғуқ жолы [5] топонимі «Көне түркі сөздігінде» Соқақ түрінде берілген (аудармашылар неге басқаша жазғандары түсініксіз) және соқақ «киік, ақбөкен» деген анықтама да бар [8, 508-509 бб.]. Ендеше, Соқақ жолы топонимі «киік, ақбөкендер жүретін жол» деген мағына береді. Жолдардың, асулардың көбі аңдар салған соқпақ бойынша пайда болатыны белгілі.

Тайғұн көл [2] / Тайғың көл [5] гидронимі «Көне түркі сөздігінде» Тайған көл түрінде берілген [8,528 б.] сондықтан көптеген зерттеушілер көне түркі. тайған «тазы ит» сөзімен байланыстырады [14, 263 б.] Біздің ойымызша, тайған сөзінің өзінде көне түркі. тез «қашу, жүгіру», тезіг «жылдам, тез» [8, 557-558 бб.] түбірі жатыр: тезген/тазған/тайған. Сонда, Тайған көл «(сұы) қашқан (сұалған) көл» мағынасын беруі бек

ықтимал (салыстырыныз: Қашқандария).

Талықым [2] / Ірленті Талқым [5] күрделі атауындағы Ірленті көне түркі. ірле/йірле/йерле «жерлеу, қоныстану, игеру» [8,258 б.] + нті (зат есім жұрнағы) арқылы жасалып, Йірленті/Ірленті «мекендерген, қоныстанған жер» мағынасын береді. Ал Талқым көне түркі. талқығ «таулардың тұтасқан, ұштасқан жері» [3,522 б.] сөзінен шығуы мүмкін, өйткені талқы, талқығ, талқым көне түркі. талқы «иленгендеген теріні жұмсартатын ағаш құрал» [4,370 б.] сөзінен шығатынын байқау қын емес. Тау шындарын талқының тістеріне ұқсатудан шығады. Сонда, Ірленті Талқым «ел қоныстанған тау торабы» деген ұғым тудырады.

Токыш [2] топонимі, тұра мағынасында, «соғыс, ұрыс, шайқас болған жер» ұғымын береді, өйткені көне түркі. токыш «ұрыс, айқас, соғыс» [8, 577 б.] сөзінен жасалып тұр.

Үш Біркүде [2] / Үш Бұркү (С.Қаржаубай). топонимінің негізгі сыңары Бұркү көне түркі. бұркүр [8,133 б.] сөзінен жасалып, «сарқырама», мағынасында қолданылған сыңайлы. Үш Бұркү гидронимі мәнді атау болуы мүмкін. Монгол. бурха [15,166 б] және украин. буркут [7,103 б] геотерминдері де осыған мензейді.

Чығылтар көл [2] / Тұзды Алтыр көл [5] гидронимін тағы да екі аудармашы екі түрлі оқыған және екінші аударма «байырғы сөзге» сәйкес келеді: Ачығ-Алтыр-Көл [8,7 б.]. Мағынасы: «Ащы Алтыр көл» болады. Мұндағы ашы «тұзды» сөзі түсінікті, ал алтыр көне түркі алд/алт [7,47 б.] сөзі + ыр (сөзжасам жұрнағы: жалт+ыр, жылт+ыр) арқылы жасалып, «шұңқыр, ойық» мағынасын береді. Ащы Алтыр көлұғымын тудырады.

Чүгай иши/Чүгай құзы [6,50 б.] «Өтүкеннен оңтүстікке қарай жатқан тау» [12,142 б.] Чүгай көне түркі. чүгай «көлеңке» сөзінен жасалған дейді М.Қашқари сөздігіне сүйенген профессор В.Махпиров [14,249 б.] Ал қырғыз зерттеушісі С.Кудайбергенов түркі. чүгай мен монгол. шугай сөздері мәндес екенін және кейін иши «орманды қойнау» мәнінде қолданыла бастағанын жазады. Инь-шань тауын қытайшадан аударғанда Барқынтау болады деген пікір бар. Ал барқын сөзінің бір мағынасы «қара қоңыр түс» екені белгілі [10,103 б.] Қытай-орыс сөздіктерінде «темная гора» болып аударылады.

Біздің ойымызша, батыстан-шығысқа қарай 1200 шақырымға созылып жатқан таудың тасты күнгейін қытайлар Инь-шань «қара тау» деп атаса, теріскейін түркілер Чүгай құзы «шілікті, шұрайлы қойнау» деп атаса керек. Бұл тау ежелден түркілердің атамекені болғанын Бөрітау, Оңғұт тау сияқты сілемдері дәлелдейді.

Ічүй [2]/ *Ічүй* (Шүй өзені) [5] гидронимін аудармашы С.Қаржаубай қазіргі Таулы Алтай өлкесіндегі (Ресей) Шүй өзені деп көрсеткен.

Түркітанушы-ғалымның жан-жақты сараптап келіп шығарған пікірін қолдаймыз, тек Шүй гидронимі көне түркі. суб/суғ, қазіргі түркі тілдері. су/чул/шул/суг/сүү, қытай. шуй, тибет. чу, монгол. ус «су» мағынасын беретінін қосамыз [7, 528-529 бб.].

Қорытынды

Қорыта келгенде, мақалада Ұлы Жібек жолы бойына орналасқан ірі-ірі елді мекен аттары мен мақротопонимдерге этимологиялық талдау жасалды. Талдау топонимнің қай тілден жасалғанын, қандай мағына беретінін анықтауды мақсат еткен еді. Таңдал алынған топонимдерді зерттеу барысында, Жібек жолы бойындағы топонимдер, негізінен, екі тілде жасалғаны мәлім болды: түркі және соғды (парсы). Бұл топонимдер Ұлы Жібек жолының таралу аймағын тұтас көрсетпесе де, негізгі бір тармағын айқындал түр деуге болады.

Жалпы айтқанда, Ұлы Жібек жолының солтүстік тармағы осы жерлерді басып етті, кейбір жерлерде керуен-сарай бекеттері болды, өйткені Түркі қағанаты Жібек жолын қолына ұстап, керуендердің қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Өтүкен қойнауынан «арқыш-тіркіш керуендер жіберіп отырды».

ӘДЕБІЕТ

[1] Мамлеева Л.А. Становление Великого шелкового пути в системе трансцивилизационного взаимодействия народов Евразии. – Vita Antigua. – №2. – Киев, 1999. – С.53-61.

[2] Базылхан Н. Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері // Мәдени мұра. 2-том. –Алматы: «Дайк-Пресс», 2005. –252 б.

[3] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрк): 3 томдық шығармалар жинағы/ауд. А.Егуебай. –Алматы: ХАНТ, 1997. – 1353 б.

[4] Қайыржан К., Сөз – сандық: Қазақтың көне сөздері. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2013. – 480 б.

[5] Қаржаубай С. Орхон мұралары. 1-кітап. Тарихи-тәнімдық этнографиялық әдебиет. –Астана, 2003. – 392 б.

[6] Қайыркен Т.З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары (VII – XIV ff). – Өскемен: Рекламный Дайджест, 2008. – 336 б.

[7] Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. –М.: Мысль, 1984. – 653 с.

[8] Древнетюркский словарь. – М., Л., 1969.

[9] Базылхан Б. Монгол-казах толь/Монголша-қазақша сөздік. – Улаанбаатар-Өлгий, 1984. – 885 б.

- [10] Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7-том. –К.-П. - Алматы: Ғылым, 1983. – 672 б.
- [11] Орхонские надписи. Кюль-тегин. Бильге-каған. Тоньюкук. – МКА. Семей, 2001. –256 с.
- [12] Дмитриева Л.В. Этимологии географических апеллятивов в тюркских и других алтайских языках // Алтайские этимологии. Сборник научных трудов. –Ленинград: «Наука», 1984. –С.130-177.
- [13] Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Издание 2-е. –Москва: Изд. «Наука», 1986. – 302 с.
- [14] Махпиров В.У. Имена далеких предков (источники формирования и особенности функцирования древнетюркской ономастики). – Алматы: Институт востоковедения МН-АН РК, 1997. – 302 с.
- [15] Молчанова О.Т. Топонимический словарь Горного Алтая. – Горно-Алтайское отделение Алтайского книжного издательства, 1979. – 400 с.

REFERENCES

- [1] Mamleeva L.A. Stanovlenie Velikogo şelkovogo puti v sisteme transivilizacionnogo vzaimodeistvia narodov Evrazii (The rise of the Great Silk Road in system of transcivilizational interaction of Eurasian people). Vita Antigua, №2. Kiev,1999. P.53-61. [In Rus.].
- [2] Bazylhan N. Qazaqstan tarihy turaly türki derektemeleri (Turkic props about the history of Kazakhstan). Mädeni mûra. 2-tom. Almaty, «Daik-Pres», 2005. 252 p.[In Kaz.].
- [3] Qaşqarı M. Türk tiliniň sözdigi (Turkish Dictionary) (Diuani lügatit-türk). 3 tomduyq şygarmalar jinaǵy/aud. A.Egeubai. Almaty, HANT, 1997. 1353 p. [In Kaz.].
- [4] Qaiyrjan K. Söz – sandyq: Qazaqtyň köne sözderi (The word is digital: ancient Kazakh words). Almaty, «Öner» baspasy, 2013. 480 p. [In Kaz.].
- [5] Qarjaubai S. Orhon mûralary (Aarhon inheritance). 1-kıtap. Tarihitanymdyq etnografialyq ädebiet. Astana, 2003. 392 p.[In Kaz.].
- [6] Qaiyrken T.Z. Köne türki eskertkîsterindegi qytai jazbalary VII – HIVğg (Chinese on ancient Turkic monuments Records). Öskemen: Reklamnyi Daijest, 2008. 336 b. [In Kaz.].
- [7] Murzaev E.M. Slovar' narodnyh geograficheskikh terminov (Dictionary of folk geographical terms).M. Mysl', 1984. 653 p. [In Rus.].
- [8] Drevnetürkski slovär (Old Turkic Dictionary) // . M., L., 1969. [In Rus.]
- [9] Bazylhan B. Mongol-kazah töl/Moñgolsa-qazaqsha sözdik (Mongol-Kazakh dictionary.). Ulaanbaatar-Olgiy, 1984. 885 p. [In Kaz.].

[10] Qazaq tiliniň tüsindirme sözdigi (Kazakh dictionary of language interpretation). 7-tom. Q.-P. - Almaty: Ğylym, 1983. 672 b. [In Kaz.].

[11] Orhonskie nadpisi. Kül-tegin. Bilge-kağan. Tönükuk (Aarhon inscriptions. Kühl-tegin. Bilge- kagan. Tonyukuk.). MKA. Semei, 2001. 256 p. [In Rus.].

[12] Dmitrieva L.V. Etimologii geograficheskikh apelativov v türskikh i drugih altaiskikh iazykah (Etymologies of geographical appellates in Turkic and other Altai languages) // Altaiskie etimologii. Sbornik nauchnyh trudov. Leningrad, «Nauka», 1984. P.130-177. [In Rus.].

[13] Serebrennikov B.A., Gajieva N.Z. Sravnitelno-istoricheskaya gramatika türskikh iazykov (Comparative historical grammar of Turkic languages). Izdanie 2-e. Moskva, Izd. «Nauka», 1986. 302 p. [In Rus.].

[14] Mahpirov V.U. İmena dalekikh predkov (istochniki formirovania i osobennosti funksirovania drevnetürkskoi onomastiki) /(Names of distant ancestors (sources of formation and features of function Old Turkic onomastics)). Almaty, Institut vostokovedenia MN-AN RK, 1997. 302 p. [In Rus.].

[15] Molchanova O.T. Toponimicheski slovär Gornogo Altaia (Toponymic Dictionary of Gorny Altai). Gorno-Altaiskoe otdelenie Altaiskogo knijnogo izdatelstva, 1979.400 p. [In Rus.].

ЭТИМОЛОГИЧЕСКИЙ ОБЗОР ТОПОНИМОВ СЕВЕРО-ВОСТОЧНОГО НАПРАВЛЕНИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ

*Бияров Б.Н.¹, Кусманова К.А.², Койлыбаева Р.К.³

*¹к.ф.н., ассоциированный профессор, ВКУ им. С. Аманжолова,
Усть-Каменогорск, Казахстан,
e-mail: berdibek_biyar@mail.ru,

²профессор, ВКУ им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан,
e-mail: kusmanova_2014@mail.ru,

³магистр филологии, Казахский национальный женский
педагогический университет, Алматы, Казахстан,
e-mail: 007_raushan@mail.ru

Аннотация. Великий Шелковый путь изначально исходил с востока на запад, но в дальнейшем, в связи с развитием торговли, возникло несколько разветвленных в разные стороны направлений движения данного пути. Одно из таких направлений возникло в период формирования Древнетюркского, Древнеуйгурского каганатов в северных и северо-восточных краях. Очевидно, что караваны верблюдов, перевозившие китайский шелк, пересекали Утюкен и доходили до долин Енисея. Целью данной статьи является этимологический анализ

некоторых исторических топонимов северного и северо-восточного направлений Великого Шелкового пути. Нам известно, что Шелковый путь, охватывающий большую часть территории Евразии, проходил в нескольких направлениях и сформировал множество караванных дворцов и остановочных пунктов. Однако придорожные макротопонимы и названия населенных пунктов (ойконимы) до настоящего времени в лингвистическом плане системно не рассматриваются. Это определяет актуальность статьи и является частью большого научного исследования на эту тему. Анализ этимологии рассматриваемых топонимов, определение, в каком языке они были созданы и кто населял эти места, повышает научную значимость статьи. К задачам по достижению цели статьи в вводной части приведены краткие сведения о происхождении, становлении, развитии Великого Шелкового пути. Кроме того, в статье представлена хронология, ареал анализируемых топонимов. В статье отобраны топонимы, характерные для северного направления Шелкового пути, и проводится их этимологический анализ.

Практическая значимость исследования заключается в поиске ответов на вопросы: существует ли в наше время древний торговый путь северных ветвей Великого Шелкового Пути, пользуемся ли мы им и можем ли его возродить? Автор сравнивает ранее высказанные мнения и выводы о значении исторического топонима, а затем предлагает свои выводы. В исследовании использовались сравнительно-исторические, ареальные приемы, характерные для языкоznания. В связи со своеобразной трудностью раскрытия этимологии исторических, древнейших топонимов, автор отмечает, что преобладает прогностический характер предложенных им выводов, но тем не менее, этимологический анализ был проведен успешно. В статье в результате исследования раскрывается этимология нескольких ранее не рассматриваемых исторических топонимов, вводится в научный оборот информация о их происхождении и значении. В статье также сделаны ценные открытия о тюркских племенах, сформировавших северные ветви Великого Шелкового пути.

Статья подготовлена в рамках целевого программного проекта BR10965370 «Изучение исторической топонимии Великого Шелкового пути на стыке наук», утвержденного Министерством образования и науки Республики Казахстан.

Ключевые слова: Шелковый путь, этимология, топоним, караван-сарай, ареал, семантика, макротопоним, направление.

ETYMOLOGICAL OVERVIEW OF THE TOPOONYMS OF THE NORTH-EASTERN DIRECTIONS OF THE SILK ROAD

*Biyarov B.¹, Kusmanova K.², Koilbayeva R.³

*¹cand. of Philol. Sc., associate professor, S. Amanzholov EKSU,

Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,

e-mail: berdibek_biyar@mail.ru,

²professor, S. Amanzholov EKSU, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan,

e-mail: kusmanova_2014@mail.ru,

³Master of Philology, Kazakh national women's teacher training university,

Almaty, Kazakhstan,

e-mail: 007_raushan@mail.ru

Abstract. The Great Silk Road, initially proceeded from east to west, but in the future, in connection with the development of trade, several directions of movement of this path branched in different directions arose. One of these directions arose during the formation of the Ancient Turkic, Ancient Uyghur Khaganates in the northern and northeastern regions. Obviously, camel caravans carrying Chinese silk crossed the Utyuken and reached the Yenisei valleys. The purpose of this article is an etymological analysis of some historical toponyms of the northern and northeastern directions of the Silk Road. We are aware that the Silk Roads, covering much of Eurasia, went in several directions and formed many caravan palaces and stopping points. However, roadside macro-toponyms and names of settlements (oikonyms) have not yet been systematically considered linguistically. This determines the relevance of the article and is part of a large scientific study on this topic. The analysis of the etymology of the toponyms under consideration, the definition from which language they were created and who inhabited these places, increases the scientific significance of the article. The tasks of achieving the goal of the article in the introductory part are given brief information on the origin, formation, development of the Great Silk Road. In addition, the article presents the chronology, range of analyzed toponyms. The article selected toponyms characteristic of the northern direction of the Silk Road and carried out their etymological analysis.

The practical significance of the study lies in the search for answers to the questions: is there in our time a trade route of the northern branches of the Great Silk Road, do we use it and can we revive it? The author compares previously expressed opinions and conclusions about the meaning of the historical toponyms and then offers his conclusions. The study used comparative historical, areal techniques characteristic of linguistics. Due to the peculiar difficulty of revealing the etymology of historical, ancient toponyms, the author notes that the prognostic nature of the conclusions

proposed by him prevails, but nevertheless, etymological analysis was carried out successfully. In the article, as a result of the study, the etymology of several previously not considered historical toponyms is revealed, their origin and meaning are introduced into scientific circulation. The article also made valuable discoveries about the Turkic tribes that formed the northern branches of the Great Silk Road.

The article was prepared within the framework of the targeted program project BR10965370 "Study of the historical toponymy of the Great Silk Road at the junction of sciences," approved by the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Silk Road, etymology, toponym, caravanserai, range, semantics, macrotoponym, direction.

Статья поступила 25.10.2022

ӘОЖ 81`27

XFTAP 16.21.27

DOI 10.48371/PHILS.2023.41.63.004

ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ МЕДИАДИСКУРС: СӨЗЖАСАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАР

*Есенова К.У.¹, Құрманәлиев К.А.², Балтабаева Ж.К.³

¹филология ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан,
e-mail: kalbike_65@mail.ru,

²филология ғылымдарының докторы, профессор,
ҚР ҮФА академигі, Алматы, Қазақстан,
e-mail:kareke09@mail.ru,

³педагогика ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің профессоры, Алматы, Қазақстан,
e-mail: baltabaevazhanalik@mail.ru

Андратпа. Мақала Қазақстанның бұқаралық ақпарат құралдарында жиі ұшырасатын және жалпыхалықтық қолданысқа еніп кеткен пандемияға қатысты жаңа сөздердің жиілігін тексеру арқылы қолданысқа тез енетін сөзжасамдық құрылымдарды анықтауға арналған ИРН АР14870178 (Мемлекеттік тіркелу номері 0122РК00597) «Қазақ қоғамының тілдік контенті: өзгерістер мен жаңарулар (пандемия кезі; 2020-2022 жж.)» тақырыбындағы ғылыми жоба